



«Казнеті»  
«ШҚО кәсіптік білім беру орталығы»  
КММ директорының м.а.

Л. Кездикбаева

« 7 » 04 2023 ж.



«Бекітемін»

«Риді»

КММ

« 7 »

ШҚО техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері  
арасында өтетін «Сандық серпіліс – 2023»  
облыстық конференциясының  
ЕРЕЖЕСІ

Оскемен қ., 2023 жыл

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. Осы Ереже мақсаттар мен міндеттерді, өткізу, ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету, жеңімпаздарды анықтау тәртібін айқындайды.

1.2 «Сандық серпіліс – 2023» облыстық конференциясы (ары қарай-Конференция) Шығыс Қазақстан облысының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің оқу орындары студенттерінің арасында IT бағыты оқытушыларының оқу-әдістемелік бірлестігінің жылдық жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3 Өткізу уақыты – **11 мамыр 2023 жыл.**

Өткізу түрі: **онлайн**

Конференцияның басталу уақыты: **сағат 10:00-де**

Қатысушыларды тіркеу: **сағат 09:30-да**

1.4. Конференцияға мемлекеттік және орыс тілінде оқитын техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі оқу орындарының 2-3 курс студенттері қатысады.

1.5. Конференция мемлекеттік және орыс тілдерінде өткізіледі.

1.6. Конференция жұмысының бағыттары:

### **1 секция:**

- өндірістік және қоғамдық қызметтің әртүрлі салаларындағы ақпараттық технологиялардың жетістіктері: қолданбалы, кеңсе. және мультимедиялық технологиялар, заттар интернеті, виртуалды жанасуы (мақала, реферат);

- жасанды интеллект саласындағы ақпараттық технологиялардың жетістіктері, машиналық оқыту, робототехника және киберфизикалық жүйелер (мақала, реферат).

### **2 секция:**

- білім алушылар құрған бағдарламалық өнімдерді нақты кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметіне енгізу (практикалық жобалар);

- ақпараттық технологиялардың адам қызметінің белгілі бір саласындағы орны мен ролін зерттеу (аналитикалық зерттеу).

## 2. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. **Мақсаты** - білім алушылардың зияткерлік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін анықтау және дамыту үшін жағдай жасау.

### **2.2. Міндеттері:**

- әртүрлі курстар мен кәсіптер/мамандықтар бойынша білім алушылардың ғылыми-зерттеу, жобалау және шығармашылық жұмыстарға тарту;

- зерттеу қызметіне қызығушылықты дамыту, білім алушылардың өзекті зерттеулерін ұйымдастыруы және өткізуі;

- білім алушылардың шығармашылық және зерттеу әлеуетін жан-жақты, барынша толық дамыту және іске асыру үшін жағдайлар жасау;

- білім алушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды белсенді пайдалану кезінде жобалау-зерттеу қызметінің нәтижелерін көпшілік алдында ұсыну қабілетін қалыптастыру;

- зерттеу немесе жобалау жұмыстарын орындау барысында оқытушылар мен білім алушылар арасында тиімді ынтымақтастық үшін жағдай жасау;
- кәсіби қызметте ақпараттық технологиялар мен бағдарламалық өнімдерді пайдалануға студенттердің қызығушылығын арттыру;
- студенттердің кәсіптік-бағдарланған білім алуына көмектесу.

### **3. КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

3.1. Конференцияны ұйымдастырушылар: «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ, «Риддер колледжі» КМҚК, IT бағыты оқытушыларының облыстық әдістемелік бірлестігі.

3.2. Конференцияны ұйымдастыру және өткізу жөніндегі басшылықты ұйымдастыру комитеті (ары қарай – Ұйымдастыру комитеті) жүзеге асырады, оның құрамына: «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ өкілдері, IT бағыты бойынша облыстық әдістемелік бірлестігінің төрағасы, «Риддер колледжі» КМҚК IT пәндерінің оқытушылары кіреді.

3.3. Ұйымдастыру комитетінің қызметі:

- Конференцияның өткізу бағдарламасын және Ережесін әзірлейді;
- Конференцияны дайындау және өткізу бойынша тікелей басшылықты жүзеге асырады;
- Конференцияға қатысушылардың жұмысын бағалау критерийлерін әзірлейді;
- секция жұмысын ұйымдастырады;
- конференция материалдарының сақталуын қамтамасыз етеді;
- конференцияға қатысты басқа да мәселелерді шешеді.

Ұйымдастыру комитетінің құрамы:

1. Утепова З.Ш. – «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ директорының орынбасары;

2. Пенькова Т. В. – «Риддер колледжі» КМҚК ақпараттық технологиялар жөніндегі директордың орынбасары;

3. Кустова Е. В. – «Риддер колледжі» КМҚК әдіскері;

4. Жеңісханова Ж. Ф. – «Риддер колледжі» КМҚК информатика пәнінің оқытушысы.

### **4. ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

4.1. Конференцияда студенттік жұмыстың келесі түрлері ұсынылуы мүмкін: мақала, реферат, зерттеу жұмысы, жоба, дайын өнім/макет, презентациялар және т.б.

4.2. Конференцияда ұсынылатын қатысушылардың жұмыстары конференция өткізілетін күнге дейін бір апта бұрын кешіктірілмей, баспа және электрондық түрде дайындалуы тиіс, баяндаманың электрондық нұсқасы Конференцияны ұйымдастырушыларға электрондық поштаға жіберілуі тиіс.



4.3. Қатысушылардың баяндамалары мен хабарламаларын бағалау төмендегі критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- тақырып (өзектілігі) бойынша ақпараттың толықтығы;
- баяндаманың қол жетімділігі;
- материалды түсінуі;
- презентация мәдениеті (көрнекілік);
- ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениеті;
- шығармашылық;
- жұмыстың практикалық маңыздылығы;
- регламентті сақтауы – 10 мин.

4.4. Конференцияға қатысушылардың баяндамасы немесе хабарламасы 10 минуттан аспауы тиіс.

4.5. Конференцияға қатысуға өтінімдер **2023 жылғы 28 сәуіріне** дейін [tatyana\\_penkova@mail.ru](mailto:tatyana_penkova@mail.ru) электрондық мекенжайға қабылданады (Қосымша 1).

4.6. 2023 жылдың 28 сәуірінен кейін жіберілген өтінімдер тіркелмейді.

## **5. КОНФЕРЕНЦИЯ КЕЗЕҢДЕРІ ЖӘНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖҰМЫСТАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

5.1. Конференция кезеңдері:

Өтінімдер қабылдау – **2023 жылдың 28 сәуіріне** дейін;

Жұмыстарды қабылдау – **2023 жылдың 5 мамырына** дейін;

Студенттік конференция – **2023 жылдың 11 мамыры**.

5.1. Қатысушылардың жұмыстарына қойылатын талаптар:

- жұмыстар мақала/реферат (1-бөлім) немесе зерттеу/жоба (2-бөлім) түрінде орындалуы мүмкін;
- жұмыстар зерттеу саласының қазіргі жағдайы туралы хабардар болуы, өз әзірлемелерінің болуы, олардың талдауы, жалпылауы, қорытынды жасауы тиіс;
- парақша параметрлері: А4 форматы, кітап бағыты, сол жақтағы өрістер - 3 см, қалғандары-2 см, беттер нөмірленбейді;
- шрифт параметрлері: Times New Roman шрифті, 12 кегль, жол аралығы – бір.

5.2. Мақалада тақырып, авторлардың аты-жөні, және тегі (үшеуден артық емес), ғылыми жетекшінің аты-жөні, оның ғылыми дәрежесі (бар болса), лауазымы, мақаланың (материалдың) мәтіні, әдебиеттер тізімі қамтылуы тиіс.

5.3. Реферат, зерттеу, жоба келесі құрылымға ие болуы керек:

- келесі ақпаратты қамтитын титул парағы: жұмыс атауы, жұмыстың орындаушысы (орындаушылары) және ғылыми жетекшісі туралы мәліметтер, білім беру ұйымының толық атауы;
- кіріспе - мәселе, оның өзектілігі, мақсаты, зерттеу объектісі мен пәні, гипотеза (зерттеу жұмыстары үшін), міндеттері, зерттеу әдістері, теориялық және практикалық маңыздылығы (ақпарат көздеріне міндетті сілтемелер);
- мәселенің қысқаша теориялық негіздемесі (рефератта толық салыстырмалы талдауы), ақпарат көздеріне сілтемелер қажет;



- эмпирикалық деректер, оларды талдау (жобаның сипаттамасы, схемалар, сызбалар, есептеулер және т. б.);

- қорытындылар, ұсыныстар;

- библиография;

- қосымшалар.

5.4. Жұмыс мәтінінде (мақала, реферат, зерттеу, жоба) суреттер, диаграммалар, кестелер, формулалар, графиктер болуы мүмкін.

5.5. Қатысушы өз сөзінде төмендегілерді айтуы керек:

- мәселе, оның өзектілігі, зерттеудің (жобаның) мақсаты мен міндеттері, гипотеза (егер зерттеу жұмысы немесе зерттеу жобасы орындалса) немесе болжамды өнімнің сипаттамасы (егер қолданбалы, ақпараттық немесе басқа жоба әзірленсе);

- зерттеу әдістері (зерттеу жүргізілген жағдайларда);

- зерттеудің немесе жоба бойынша жұмыстың негізгі кезеңдері;

- зерттеу нәтижелері немесе жобалау қызметінің өнімі;

- зерттеудің немесе әзірленген (жүзеге асырылған) жобаның теориялық және практикалық маңыздылығы.

5.6. Баяндамалар Ережеге сәйкес электрондық презентация түрінде ресімделген түрлі суреттермен, фотосуреттермен, схемалармен сүйемелденіп, көрсетілуі тиіс.

## 6. ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ

6.1. Конференция нәтижелері өткізілген күні хабарланады.

6.2. Бағалау критерийлері бойынша ең көп ұпай жинаған қатысушы(лар) Конференцияның жеңімпазы болады.

6.3. Конференция жеңімпаздары I, II, III дәрежелі «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ дипломдарымен марапатталады.

6.4. Конференция жүлдегерлерін дайындаған жетекшілерге «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ алғыс хаттар беріледі.

6.5. Қатысушылар Конференцияға қатысканы үшін сертификаттар алады.

\* Қосымша ақпарат алу үшін: «Риддер колледжі» КМҚК ақпараттық технологиялар жөніндегі директордың орынбасары Пенькова Татьяна Владимировна, **87055008126** (WhatsApp).



«Сандық серпіліс -2023»  
облыстық конференциясына қатысуға өтінім

Оқу орнының атауы, мекен-жайы	
Қатысушының(лардың) ТАӘ (толық, жеке басын куәландыратын құжат бойынша)	
Байланыс телефоны (WhatsApp)	
Конференцияға қатысу тілі	
Жетекшінің аты-жөні (лауазымы, байланыс телефоны, электрондық мекенжайы)	
Зерттеу тақырыбы	
Секция	

